

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – ТАРИФТІ БЕЛГІЛЕУДЕН БАСТАП ВАГОНДАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАҚЫЛАУҒА ЖӘНЕ ТАЛДАУҒА ДЕЙІНГІ БАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІ БАСҚАРУДЫ БІРІКІПТЕРІН БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ҚҰРУ. БҰЛ БАҒЫТТА МЕЖЕЛЕНГЕН ШАРУАЛАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР. БІРІНШІ КЕЗЕҢДЕ ЖОСПАРЛАУ МЕН ДИСПЕТЧЕРЛЕУДІ АВТОМАТТАНДЫРУ АЯҚТАЛСА, ҚАЗІР КОМПАНИЯ МАМАНДАРЫ КЛИЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ ЦИФРЛАНДЫРУМЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕКЕ КАБИНЕТ ПЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС СЕРВИСТЕРІН ЕНГІЗУМЕН АЙНАЛЫСУДА. 2026 ЖЫЛЫ ҮШІНШІ КЕЗЕҢ БАСТАЛМАҚ. ОНЫҢ ЕНШІСІНДЕ ВАГОН ПАРКІН БАСҚАРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ, ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, ЖӨНДЕУДІ БОЛЖАУҒА КӨШУ БАР.

Александр ШИРЯЕВ,
«Қазтеміртранс» АҚ бас директоры



№107 (3146)
23/12/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚТЖ И RIKEN ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ

ҚТЖ И RIKEN KOGYO Inc. до- говорились о сотрудничестве по вопросам безопасности.

Так, во время официального визита Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Японию представители АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с управляющим директором по инфраструктуре – директором филиала «Дирекция магистральной сети» Сакеном Рахметовым провели рабочую встречу с японской компанией RIKEN KOGYO Inc.

По итогам встречи был подписан Меморандум о сотрудничестве. Документ предусматривает проведение обследования участка Коктума – Разъезд 16. Специалисты RIKEN KOGYO изучат природные и климатические условия, после чего предложат технические решения по установке защитных ограждений (проблема негативного влияния ветра и снежных заносов на данном участке на протяжении порядка 30 лет не имела эффективного инженерного решения, в связи с чем компания предлагает внедрение технологического подхода). Эти меры направлены на снижение влияния ветра и снежных заносов на движение поездов.

Сотрудничество позволит использовать опыт



японских специалистов при развитии железнодорожной инфраструктуры и повышении уровня безопасности перевозок.

Также делегация ҚТЖ приняла участие в саммите и бизнес-форуме «Центральная Азия + Япония», прошедших в Токио. В рамках мероприятий

состоялись встречи с зарубежными партнерами по вопросам дальнейшего взаимодействия.

В рамках визита Президента Казахстана в Японию подписано более 60 двусторонних документов на сумму свыше 3,7 миллиарда долларов.

Жаныбек КЕНЕС

ВОКЗАЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміз бойынша теміржол вокзалдарына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның аясында қазіргі уақытта «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының арнайы тапсырмасымен Семей ЖТ бөлімшесіндегі 13 теміржол вокзалы жөнделуде.

Аталмыш нысандардың 8-і Абай облысының аумағында болса, қалған бесеуі Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы әрі күрделісі 110 жылдық тарихы бар Семей теміржол вокзалының құрылысы болып отыр. Жақында Абай облысы әкімі Берік Уәли бастаған атқарушы билік өкілдері Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Алмас Сейсемқанов пен магистральдық желі бөлімшесінің директоры Айдын Шаукежановтың қатысуымен вокзал құрылысын аралап көрді.

Құрылыс алаңындағы шағын жиында мердігер ұйым өкілдері атқарылып жатқан жөндеу жұмыстары мен бірегей жобаның негізгі бағыттарын таныстырып шықты.



Жалпы ауданы 3037,9 шаршы метрді құрайтын вокзал ғимаратында соңғы рет 1972 жылы қайта құру жұмыстары, ал 2013 жылы күрделі жөндеу жүргізіліпті. Түп тарихы 1915 жылдан бастау алатын нысанның сырты заманауи еуропанельдермен қапталып, аумағы кеңейтілуде. Қазіргі таңда демонтаждау және шатыр жабу жұмыстары орындалған. Сонымен қатар инженерлік желілерді жаңарту жұмыстары да жалғасуда.

Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысы Айдын Мақсұтбекұлының айтуынша, жоба барысында қауіпсіздік, қолжетімділік және сервистік қызмет көрсету деңгейіне ерекше көңіл бөлінген. Яғни жолаушыларға қолайлы жағдай жасау бірінші кезектегі маңызды орында тұр.

– Жоспарға сәйкес, қайта жаңғыртудан өткен Семей теміржол вокзалы 2026 жылдың IV тоқсанында пайдалануға беріліп, қала тұрғындары мен қонақтарына заманауи талаптарға сай қызмет көрсететін болады. Ал әзірге жөндеу жұмыстары кезінде жолаушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында вокзал ғимаратының оң жағында жалпы ауданы 85 шаршы метрді құрайтын уақытша қызмет көрсету орындары ұйымдастырылған. Бұл орындар қолайсыз ауа райы жағдайында жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған. Жалпы, қазіргі күні жолаушылар тарапынан ешқандай шағым жоқ – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Нұрлан Жақсылықұлы.

Вокзал ғимаратын аралап көрген аймақ басшысы мердігер ұйымға атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына мән беріп, белгіленген кестеге сай орындауды қатаң түрде танып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор



Казбек АХМЕТЖАНОВ,
главный региональный
ревизор департамента
безопасности движения по
Акмолинскому участку:

НАШ ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ НЕИЗМЕНЕН – ЗДОРОВЬЕ КАЖДОГО РАБОТНИКА И ИСКЛЮЧЕНИЕ НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ. МЫ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО УСИЛИВАЕМ КОНТРОЛЬ, ПРОВОДИМ ПРАКТИЧЕСКИЕ ЗАНЯТИЯ И РАБОТАЕМ С ПЕРСОНАЛОМ НА МЕСТАХ, ЧТОБЫ СНИЗИТЬ РИСК И СФОРМИРОВАТЬ УСТОЙЧИВУЮ КУЛЬТУРУ БЕЗОПАСНОСТИ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛДЫҢ ОН БІР АЙЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

287,9 млн
ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН.

СДПМ ТҮРІНДЕГІ ҚАР ТАЗАЛАУ ТЕХНИКАЛАРЫ ҚАРМЕН КҮРЕС БАСТАЛҒАН УАҚЫТТАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША

3581,2 км
ЖОЛДЫ ҚАРДАН ТАЗАРТҚАН.

«ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН-НАН БЕРІ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН

822 мың
ЖОЛАУШЫ ПАЙДАЛАНҒАН.

ЖЕТІСТІКТЕР САРАЛАНДЫ

Өткен жұма күні Астанадағы Назарбаев университетінде «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы арасында «Жұмысшы мамандықтар жылының» жабылу салтанаты өтті. 1000-ға жуық адам қатысқан конференцияда бір уақытта әртүрлі залдарда «Жастар және мамандықтар», «Қайырымдылық», «Үздік маман», «Қауіпсіздік техникасы» және HR тақырыптарын қамтыған бес панельдік сессия өтті.



Сүлгүл БАКЕСОВА,
Астана

Атаулы жылдың жабылу салтанаты барысында Қор тарапынан тағайындалған «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет атағымен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның электромеханигі Абзал Бекназаров, жол монтері Нұрлыбек Мырзабеков, ағаш ұстасы Шынболат Қошанов және слесарь-электромеханик Қанат Ахметов, сонымен қатар Қордың портфельді компанияларының бірі ретінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның топ-менеджерлері «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның аппарат басшысы Ерлан Амандықов, Әлеуметтік саясат департаментінің директоры Ақмарал Байғабылова, Адами ресурстарды басқару департаментінің аға HR бизнес-серіктесі Әсел Ақтау марапатталды.

«Жастар және мамандықтар» панельдік сессиясында ҚТЖ жастары «Қауіпсіздіктің цифрлық егізі» жобасын қорғады.

– Бұл жоба «Жұмысшы мамандықтар жылы» шеңберінде жүзеге асты. Байқауда қауіпсіздік мәдениетін арттыру, тігінен өзгерістер және жалпы қауіпсіздік мәселелері сияқты бағыттар бойынша қатысуға болатын еді. Байқау

бірнеше кезеңнен тұрды. Жалпы Самұрық-Қазына компаниялар тобы бойынша 257 жоба ұсынылды. ҚТЖ тарапынан 23 жоба қатысты, бірақ финалға біздің «Қауіпсіздіктің цифрлық егізі» жобасы шықты. Ал жалпы алғанда, 257 жобаның ішінен финалға тек 22-сі шықты, – дейді жобаның авторы Арман Ибраев.

Оның айтуынша, «Қауіпсіздіктің цифрлық егізі» жобасы қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және жарақаттану деңгейін төмендетуге арналған. Ол келесі мүмкіндіктерді, атап айтқанда анонимді сауалнамалар, өздігінен білім алатын жеке көмекші, жұмысқа орналастыру және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау модульдері сияқты міндеттерді қамтиды. Жоба жасанды интеллектіні пайдаланумен қатар мобильді қосымша арқылы жұмыс істеуді қарастырады.

Қордың компаниялар тобында қауіпсіздік мәдениетін, денсаулық пен әл-ауқат тәсілдерін ілгерілетуді мақсат еткен «Қауіпсіздік техникасы» панельдік сессиясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі жаттықтырушысы, қазір Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінде қозғалыс цехында жетекші инженер болып жұмыс істейтін Мәдижан Дәурен сөз алып, 2017 жылы Шайқұрық станциясында өз міндетін



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

орындау барысында аяғының мыжылып қалуы сияқты өндірістік ауыр жарақат алған жеке оқиғасымен бөлісті. «Қас-қағым сәт, бір қателік менің өмірімді толық өзгертті» деді ол. Көптеген ота, емделулер, қалпына келу сияқты ұзын-сонар әрі ұзақ процестерден өткен ол ешқашан өзінің жалғыз қалмай, әрдайым еріптестері, отбасы тарапынан қолдау тауып, нәтижесінде жұмысқа оралғанын айтып берді.

Сонымен қатар конференция кезінде «Samruk Unit» жобасы аясында «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры, «Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» жеке мекемесі және «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Павлодар магистральдық желі бөлімшесі» филиалы арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат әлеуметтік бастамаларды дамытуға, кәсіптік бағдарлау жобаларын қолдауға және қайырымдылық бағдарламаларын іске асыруға бағытталған.

Меморандумға «Samruk-Kazyna Trust» қорының «Қайырымдылық. Сенім. Серіктестік» қайырымдылық қызметінің қорытындыларына арналған және тақырып бойынша өткен жария есебі барысында қол қойылды.

«Samruk Unit» жобасы аясында балалар үйінің тәрбиеленушілері – жас мамандар «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне» жұмысқа орналастырылғанын атап өту маңызды.

Пікірталас сессиялары аясында қатысушылар жұмысшы мамандықтарын дамыту, инклюзивті білім беру, өмірлерді қолдау және жастарды әлеуметтік маңызы бар жобаларға тарту мәселелерін талқылады. Мұндай іс-шаралар серіктестік байланыстарды нығайтуға және тұрақты әлеуметтік бастамаларды іске асыруға ықпал етеді.

ИНЖЕНЕРНАЯ БАЗА УСИЛИВАЕТСЯ

В филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» началось работу Проектно-конструкторское бюро инфраструктуры (ПКБ). Новое подразделение направлено на усиление инженерной базы компании и развитие железнодорожной инфраструктуры страны.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

ПКБ будет обеспечивать комплексное проектирование, сопровождение строительства и реализацию инфраструктурных проектов, а также вести научно-исследовательскую и конструкторскую работу. В состав бюро вошли проектировщики, инженеры, аналитики и специалисты по современным технологиям. Их задачи включают разработку проектных решений, обследование объектов, проведение инженерных расчетов и внедрение иннова-

ционных технических решений.

Бюро планирует участие в приоритетных проектах развития железнодорожной сети, таких как модернизация систем, капитальный ремонт пути, реконструкция объектов, развитие новых направлений и подготовка проектно-сметной документации для крупных магистралей.

Создание ПКБ закладывает прочную основу для системного обновления магистральной сети, внедрения инновационных подходов и повышения уровня безопасности и надежности инфраструктуры.



Проектно-конструкторское бюро сформировано на базе проектной группы, проекты которой успешно прошли государственные

экспертизы, подтвердив высокий уровень инженерной проработки и качество документации.

Также подписаны международные

меморандумы о сотрудничестве с холдингом BMI International и Университетом Anhalt. Партнерство позволит расширить возможности подготовки кадров, организации стажировок и обмена профессиональным опытом, а также внедрять лучшие международные практики в проектную деятельность.

Для эффективной работы ПКБ компания обеспечивает необходимые условия, включая конкурентоспособную оплату труда, приобретение современного оборудования и развитие взаимодействия с профильными институтами и учебными заведениями.

В деятельности бюро будут вовлечены как опытные специалисты, так и молодые выпускники вузов и колледжей, что обеспечит сочетание профессионального опыта и новых инженерных идей, а также формирование устойчивого кадрового резерва.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖӨНДЕУ САПАСЫ СӨЗ БОЛДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Атырау вагон пайдалану депосында вагондардың уақытылы әрі сапалы жөнделуі талқыланған дөңгелек үстел өтті.



Оған депо басшылығы, инженерлер, вагон-қаблдап жөнелтушілер, «Ақ-Жайық-7», «Ремвагон», «ТексолТранс» сынды вагон жөндеу мекемелері мен «Қазтеміртранс», «PTC Operator», «PTC Holding», «Про Транс Логистик», «Петролеум» ЖШС вагон меншік иелерінің өкілдері қатысты. Жиынға қатысушылар тақырыпты жан-жақты талқылап, вагон жөндеу сапасын жақсартуға арналған ұсыныстарын алға тартты. Мамандардың пікірінше, мәселе көбіне вагондардың кепілдік мерзіміне жетпей ақау табылғанынан шығып жатады. Еліміздің магистральды жолымен жүйткіп жүретін ВУ-41 акт-рекламация жасақталған вагондар технологиялық сипаттағы ақау әсерінен ағытылып қалады. Соның ішінде серіппелер, тежегіш құралдары, вагон шанағы, букстың қызып кетуі, доңғалақтың тілініп кетуі, вагон рамасының сынуы, т.б. ақаулар жиі кездеседі. Осындай ақауларға байланысты ағытылған вагондар кінәсі жөндеу мекемелеріне артылып жататыны да рас. Сондықтан да жоспарлы, күрделі және депольжы жөндеу сапасын арттыру керек. Ол үшін вагон ағытылған жерлерге жөндеу мекемелері мен вагон иелерінің өкілдерін жіберіп, жасақталған акт негізінде ақау түріне қарай жөндеу цехтарына нақты тапсырмамен шығу қажет. Сонда талап күшейтіліп, жөндеу сапасы да артады деген уәжде тоқтады мамандар.

Суретті түсірген автор

ҚТЖ – ЖҮЛДЕЛЕР КӨШБАСШЫСЫ

Астанада көлік және логистика саласындағы Еуразиялық «Magistral Awards-2025» сыйлығының марапаттау рәсімі биыл 4-рет ұйымдастырылды. Іс-шара барысында Еуразияның көлік каркасын дамыту, кәсіби шеберлік пен салалық басқару, үздік салалық жобалар, цифрлық логистика, кадрлық әлеуетті дамыту, көлік ғылымы мен білім беру бағыттары бойынша елеулі жобаларды жүзеге асырып, көлік қызметтерінің сапасын арттырған компаниялар мен мамандар марапатталды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шөкенов іс-шараның халықаралық деңгейде мәртебесі жылдан жылға артып келе жатқанын атап өтті. Байқаудың көлік саласында беделінің артқаны сонша, кәсіби ортада қатысушылардың жоғары мәртебесі мен халықаралық географиясының кең ауқымы үшін ол «Көлік Оskar» деп аталады. 2025 жылы сыйлықта дәстүрлі салалық бағыттармен қатар Еуразияның көлік жүйесінің тұрақты дамуының негізгі факторлары ретінде экологиялық жауапкершілікке, ұрпақтар сабақтастығына және жастар бастамаларына ерекше назар аударылды. Байқауды ұйымдастыру комитетінің мүліметінше, 2025 жылы ТМД, ЕАЭО, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері және басқа мемлекеттердің компаниялары мен сарапшыларынан 100-ден астам өтінім келіп түскен. Жеңімпаздар мен дипломанттар инфрақұрылымдық және цифрлық шешімдерден бастап кадрлық және қоғамдық бастамаларға дейінгі 21 номинация бойынша анықталды. Соның 13 номинациясы бойынша ҚТЖ мен оның еншілес ұйымдарының өкілдері және кәсіпорындары марапаттарға ие болды. Осылайша, теміржол, әуе және автомобиль көлігі салаларының, сондай-ақ көлік-логистикалық орталықтар мен ұйымдардың өкілдерінің басын біріктірген жүздеде жеңістің басым бөлігін теміржол саласының өкілдері алды.

Атап айтқанда, «Транспорт профи» номинациясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүктермен коммерциялық жұмыс департаментінің менеджері Елена Сатыбалдина, «КТЗ Express» АҚ Бас директорының логистика жөніндегі орынбасары Айбек Қапар, Магистральдық желі дирекциясының пайдалану көрсеткіштерін жоспарлау департаментінің директоры Ләззәт Мұсабекова дипломдармен марапатталды. «Көліктік басқару шеберлігі» номинациясында «КТЗ Express» АҚ Бас директорының операциялық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары Қуаныш Жақсыбек, «Көліктің

алтын қоры» номинациясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің «Ардагерлер – теміржол көлігінің алтын қоры» жобасы дипломдар алды. Сонымен қатар «Жылдың үздік жобасы» номинациясында «Кедентранссервис» АҚ-ның «ZHETYSU терминалын салу және іске қосу» жобасы және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Jibek Joly» және «Keruen Express» туристік пойыздары жобасы дипломға ие болды. Бұған қоса «Кедентранссервис» АҚ мен Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd (ҚХР) серіктестікте «Көлік саласының стратегиялық серіктесі» номинациясының статүэтқасын еншіледі. «Цифрлық логистика көшбасшысы» номинациясында «КТЗ Express» АҚ «Бірыңғай цифрлық терезе» платформасы үшін аталған байқаудың басты марапаты – «Magistral Awards» статүтқасын алды. «Көлік кешеніндегі үздік HR-бастамалар» аталымында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаменті «ҚТЖ: мотивацияның жаңа дәуірі» жобасы арқылы статүэтқаға ие болса, осы аталымның дипломы «Әлеуметтік талдау» жобасы үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментіне берілді. «Көлік ғылымын дамытқаны үшін» номинациясында Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов диплом алды. «Тімдік көлік шешімдерін жасағаны үшін» аталымы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаменті және техникалық орталығы, «Салалық дәстүрлерге адалдығы үшін» номинациясымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Интеграция және халықаралық ынтымақтастық департаменті тобының жетекшісі Айман Ибраева мен Қарағанды ЖТ бөлімшесі тасымалдауды ұйымдастыру бөлімінің жетекші инженері Рахат Жаруллинка дипломдармен марапатталды.

«Көліктегі үздік жастар бастамасы» номинациясында «ҚТЖ-100 жас есім» жас қызметкерлерді дамыту бағдарламасы үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаменті статүэтқаға және «Корпоративтік волонтерлік мектебі» жобасы үшін дипломға ие болды. Осы аталым бойынша




тағы бір диплом «ҚТЖ» ҰК» АҚ инженер-технологы Жұлдызай Байдүйге берілді. «Құрметті әулет» номинациясы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ династиясы – Бурлиновтер әулеті статүэтқа алса, Сайрамбаевтар және Левковтар әулеттері дипломмен марапатталды. Ал «Логистикадағы экологиялық жауапкершілік көшбасшысы» номинациясында «Бірге Таза Қазақстан» жобасы үшін тағы да «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаменті дипломға лайықты деп атап өтілді.

– «Көлік кешеніндегі үздік HR-бастамалар» номинациясына «ҚТЖ мотивацияның жаңа дәуірі» жобасын ұсынып, биыл да жеңімпаз болдық. Жоба – қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын арттыруға және бір мезгілде тұрақты және тиімді жұмыс ортасын қалыптастыруға бағытталған табысты HR-бастаманың жарқын мысалы, бұл ретте мұндай ауқымды және маңызды жоба қандай да бір ақша қаражатын тартпай-ақ іске асырылды. Жобаның негізгі мақсаты – шығындарды үнемдеу ғана емес, сонымен қатар теміржолшылар мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын арттыру. Жоба аясындағы КТЗ Primezone корпоративтік артықшылықтар бағдарламасы – теміржол кешенінің қызметкерлері мен олардың отбасылары үшін ең жақсы ұсыныстарды біріктіретін заманауи цифрлық платформа. 2025 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша платформада компанияның 34 466 қызметкері тіркелді, – дейді жоба жетекшісі және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Саян Сыздықов.

Жиында көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов көлік пен логистиканы дамыту елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп, аумақтық байланысты нығайтатынын және халықаралық сауда-экономикалық қатынасты кеңейтуге үлкен мүмкіндік беретінін, көлік министрлігі көлік саласын дамытуға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастыратынын атап өтті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУДА ТӘРТІП ҚАЖЕТ



Қозғалыс қауіпсіздігі – ең негізгі мәселе. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін теміржолшыларға қолайлы, қауіп-қатерсіз орта, жұмыс жағдайы жасалуы керек. Біздің Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Мирамбек Кенжебаевпен әңгімеміз осы және жол шаруашылығына қатысты мәселелер төңірегінде өрбіді.

– Темір жол бойында орын алған жазатайым жағдай еңбек қауіпсіздігі мәселесінде әлі де талап пен тәртіпті күшейту керек екенін көрсетіп отыр. Өндіріс жағдайындағы қауіп-қатерді азайту бағытында басты көңілді неге бөлу керек?

– Еңбек және қозғалыс қауіпсіздігі туралы айтқанда, адам – басты капитал деген мәселе алда тұруы тиіс. Қатаң тәртіп бірінші кезекте. Теміржолшыларға қауіпсіз еңбек жағдайын жасау – басты міндет. Жалпы өндіріс жағдайындағы жазатайым оқиғаларды азайтып, олардың алдын алу үшін еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нұсқаулықтарды сақтауда талапты күшейту қажет. Жүргізілген талдаулардың нәтижесі соны көрсетеді. Еңбек қауіпсіздігін сақтауда өндірістік объектілердегі жұмыс орындарын аттестаттау да маңызды қадамның бірі. Жазатайым жайттарды болдырмауда еңбек жағдайын жақсарту іс-шараларына баса көңіл бөлу керек. Қазіргі таңда компания басшылығы жаңа технологияларды пилоттық режимде сынақтан өткізуде. Аталған технологиялар жұмыскерлерге пойыздың жақын-дап келе жатқанын алдын ала хабарлайтын болады.

2025 жылға еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 136 іс-шара бекітілген болатын. 11 айда жоспар 100 пайызға орындалды. 2025 жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша зиянды және ауыр жағдайлар үшін жеңілдіктер мен өтемақыларға жұмсалған жалпы шығындар 254 411,850 теңгені құрады. Оның 127 888,260 теңгесі – тарифтік ставкаға қосымша ақы

төлеу шығындары. Жұмысшылардың қосымша демалыстарына 114 749,01 теңге қаржы қарастырылды.

– Мирамбек Сермағанбетұлы, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде болат жолдарды қанағаттанарлық деңгейде күтіп-ұстау маңызды. Осы ретте Жамбыл бөлімшесіндегі магистральдық желі учаскелерінің сапасын арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Магистральдық желінің жай-күйін бақылау – үздіксіз процесс. Шойын жолдарды қанағаттанарлық күйде күтіп-баптау, жаңғырту жұмыстары тек қана рельстерді ауыстырумен шектелмейді. Бағыттамалық бұрмаларды, бекіткіштерді жаңарту, шпалдарды бекіту секілді көптеген жұмыстар бар. Мәселен, бекіткіштер босап кетсе, рельстер екі жаққа тебеді. Орнынан қозғалмауы үшін оны дұрыс бекіту керек. Әрбір 100 метрдегі болаттарды бірнеше мәрте тексеріп шығу қажет, осы сияқты т.т. жұмыстар жетеді.

Биыл Жамбыл бөлімшесі бойынша мердігерлердің күшімен 52,110 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізу жоспарланса, 11 айдың ішінде бұл жеке 100 пайызға орындалды. Аңырақай – Қордай учаскесіндегі жұп жол, Шоқпар – Алайғыр екіаралығындағы тақ жол, Бел – Аңырақай, Көктөбе – Еспедегі жұп жолдардың 16,728 шақырымында шаруашылық тәсілмен күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Жоспар – 19,3 шақырым. Ал ПЧ-48 Сарышаған, ПЧ-51 Жамбыл жол дистанциялары белгіленген учаскелердегі 12,5

шақырым жолдың күрделі жөндеуін толық атқарып шықты. Ал бекітілген 31,8 шақырым жолдағы күшейтілген орта жөндеу жұмыстарын жыл соңына дейін бітіруді көздеп отырмыз. Бүгінге дейін оның 29,228 шақырымы еңсерілді. Темір жолдарды жаңғырту шараларының негізінде рельс буындары қалпына келтіріліп, бағыттамалық бұрмалар салынып, темірбетонды шпалдар ауыстырылды.

Жалпы магистральдық желіні күтіп-баптауда осы шараларды сапалы жүргізгенде темір жолдың қанағаттанарлық күйдегі көрсеткіштері артады. 2025 жылдың 11 айында Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіндегі қанағаттанарлықсыз күйдегі жолдардың ұзындығы 2024 жылғы 197 шақырымнан 188 шақырымға дейін азайды.

– Темір жолдардың жай-күйін бағалаудағы мобильді диагностикалық кешендер көрсеткіші қандай?

– Жылжымалы құрамның мобильді диагностикалық кешендер бойынша бағалау көрсеткішінің жоспары – 61 балл. Бірақ жыл басынан бергі 11 ай ішіндегі Жамбыл бөлімшесіне қарасты жолдардың жай-күйін балдық бағалау нақты 56 балды құрады. Осылайша, жоспарды 106 пайызға орындадық.

– Жолдардың жай-күйі, тосынан пайда болған ақаулар пойыздар қозғалысына қаншалықты қауіпті? Апаттар туралы не айтасыз?

– Жалпы апат және туындаған қауіпті жағдайлар – екеуі екі бөлек нәрсе. 2025 жылдың 11 айында Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі бойынша апаттарға жол



берілмеді. 2024 жылдың есепті кезеңінде 5 факті тіркелген. Дегенмен, көрсеткіш осындай деп арқаны кеңге сала алмаймыз. Себебі биыл осы кезеңде 9 оқыс оқиға орын алды. Оларға талдау жасадық: төртеуінде жол дистанцияларында сигналдар берілгеннен кейін локомотивтер өтіп кеткен, екеуінде қозғалыс қауіпсіздігінің өзге де бұзушылықтары тіркелген. Бір жағдайда пойыз 1 сағатқа кідірген. Тағы бірінде жұмыс орны қоршалмағандықтан қақтығыс орын алған. Жол сигналының қабаттасуының төрт жағдайына толықтай сараптама жасалып, себептері мен салдары анықталды. Қозғалыс қауіпсіздігінің өзге де бұзушылықтарына қатысты жүргізілген талдаулардың қорытындысы шығарылды. Қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторлардың бірі – құрылғылардың істен шығуы, есепті кезеңде осындай 98 жағдай тіркелді. Тарқатып айтсақ, қауіп-қатердің туындауына жол шаруашылығындағы жағдайлар да себеп болып жатады. Бағыттамалық бұрмаларды тиісінше бағыттау, оқшаулағыш түйіспелер, түйіспенің, рельстің сынуы, энергетика және байланыс желісі құрылғыларының ақауы, қосалқы тартқыш станцияларының істен шығуы, тағы да басқа оқшылықтардың салдарынан қауіпті жағдайлар орын алуы мүмкін.

– Есепті кезеңде локомотивтерді шұғыл тежеу жағдайлары тіркелді ме?

– Он бір айдың ішінде пойыздарды шұғыл тоқтатуға мәжбүр болған 111 жағдай тіркелді. Бытырғы есепті кезеңдегі факті – 107. Оның 20-сы қақтығыссыз аяқталса,

91-інде мал басу оқиғалары. Осы ретте осы сандардың барлығы елеулісз қалдыратын көрсеткіш емес екенін айта кеткім келеді. Бұл мәселе жергілікті атқарушы органдарды бей-жай қалдырмауы тиіс. Себебі пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне тек теміржолшылар ғана жауапты емес.

Болат жол бойындағы елді мекендердің тұрғындары қауіп-қатерден аман, шаруаларының төрт түлік малының шығын болмауы үшін сала мамандарымен бірге жергілікті әкімдіктер де профилактикалық жұмыстар жүргізуі керек. Біз осы 11 айдың ішінде әкімдіктерге 145 хат жолдап, станцияларды 414 рет жиналыс өткіздік. Біздің қызметкерлеріміз мектептерде 411 мәрте оқушылармен кездесіп, темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өтудің, вагондарға шығудың қауіпті екенін, жүріп бара жатқан пойыздарға тас лақтырудың салдарын айтып, түсіндірді. Тұрғындарға ҚР Кодексінің 439-бабы 1-5-8405-тармағының көшірмелерін тапсыра отырып, мал иелеріне темір жол бойында мал жаю және айдау ережелері туралы таныстырдық. Темір жол бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімдіктермен бірлескен іс-шаралар жобасы қажет. Осы мәселеге қатысты темір жолда орын алған жағдайлардың талдау-сараптамын жасап, Жамбыл облысы әкімшілігіне бірлесе жұмыс атқаруды ұсынып, хат та жолдадық. Осы орайда барлық үй жануарларының иелеріне теміржол аймағы жоғары қауіпті аймақ болып саналатынын тағы да еске салғым келеді. Мал айдау және жаю қағидаларына сәйкес темір жолдан екі километр қашықтықта қараусыз малдың жүруіне жол берілмейді. Аталған талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сондай-ақ негізгі мәселелердің бірі – бірқатар теміржол өткелдерінде фото-бейнефикация жүйелерінің болмауы. Автокөлік құралдары тарапынан жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп, теміржол инфрақұрылымында апаттық және штаттан тыс жағдайларға әкелуі мүмкін.

Өткелдерді фото-бейнефик-

сация жүйелерімен жабдықтау басым міндет болып саналады. Автокөліктің теміржол өткеліне рұқсатсыз шығуы, тыйым салынған бағдаршам сигналына өтуі және пойыздың жақындау табаритінде тоқтауы пойыз қозғалысына елеулі қауіп төндіреді. Фото-бейнефикация жүйелері мұндай құқықбұзушылықтарды анықтауға, соқтығысу қаупін азайтуға және пойыздардың тұрақты әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған жүйелерді енгізудің практикалық әсері фото-бейнефикация жүйелерін енгізу теміржол өткелдеріндегі көлік оқиғаларының алдын алуға, жылжымалы құрам мен инфрақұрылым объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ пойыздардың шұғыл тежеуін қолдану ықтималдығын төмендетуге ықпал етеді. Бұл жолаушылар мен тасымалданатын жүктердің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Қазіргі таңда фото-бейнефикация жүйелерімен келесі бағыттағы өткелдер қамтылатынын болады: ПЧ-52, Түлкібас бағытындағы 3378+118 км Түлкібас – ОП-115 аралығындағы теміржол өткеліне бейнефикациялау камерасы орнатылған, алайда, ол 2026 жылғы ақпан айында қосылады деп күтілуде. Ал ПЧ-52, Түлкібас бағытындағы 3439+228 км Шақпақ – Боранды аралығындағы теміржол өткеліне орнатылған бейнефикациялау камерасы қалыпты жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында фото-бейнефикация жүйелерімен бірінші кезекте жабдықтаулы қажет тағы бірнеше теміржол өткелі бар. Олар – ПЧ-50 Шу бойынша Жиделі – Бірлік екі аралықтарында 1496+724 теміржол өткелінде орналасқан, Шу – Бірлік екі аралығында 3744+500 теміржол өткелі; сондай-ақ ПЧ-51 Жамбыл бойынша Жамбыл – Талас екі аралығында 3514+675 теміржол өткелінде орналасқан Аса-Фосфорная екі аралығында 4+0,52, 11+000 теміржол өткелі, Түркісіб – Қорағаты екі аралығында 3627+528 теміржол өткелі.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

Инфраструктура

МОДЕРНИЗАЦИЯ В ДЕЙСТВИИ

Сейчас в АО «НК «Қазақстан темір жолы» идет масштабное обновление железнодорожной инфраструктуры. При этом программа ремонта 11 тысяч километров пути идет с опережением графика.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Так, в Казахстане активно реализуется одна из ключевых инициатив в сфере транспортной инфраструктуры – масштабная программа ремонта 11 тысяч километров железнодорожного полотна. Она охватывает 52% всей развернутой длины путей. Филиал АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети» отвечает за выполнение программы в 2023-2029 годах. Особенностью проекта стало уверенное опережение графика ремонта: в 2023 году при плане 1 333 километра отремонтировано 1 443 километра, в 2024 году при плане 1 401 километр – выполнено 1 430 километров. А за 11 месяцев 2025 года уже отремонтировано 1 500 километров при плане 1 480 километров. До 2029 года осталось охватить ремонтом 6 600 километров, при том, что

на сегодня выполнен ремонт 4 400 километров пути. Эти показатели – результат системной работы, высокой ответственности специалистов и стратегического подхода ҚТЖ к развитию железнодорожной отрасли. Масштабная модернизация путевой инфраструктуры повысит безопасность, надежность и пропускную способность железных дорог, обеспечив устойчивость транспортной системы страны на десятилетия вперед. В настоящее время компания ведет масштабное строительство более 1 700 километров новых железнодорожных путей (Достык – Мойынты (836 км) вторых путей завершили, Обводная Алматы и Дарбаза – Мактаарал реализуются, в текущем году приступили к строительству новых линий Мойынты – Кызылжар (358 км) и Бахты – Аягөз (297 км). Одновременно начата глубокая модернизация семи участков общей протяженностью около 3 000

километров (Алтынколь – Жетыген 293 км, Бейнеу – Мангистау 404 км, с внедрением автоблокировки на участках Кызылжар – Саксаульская 712 км, Шалкар – Бейнеу 471 км, Кандыагаш – Тобол 653 км, Никельтау – Алимбет 79 км, Аксу-1 – Дегелең – Жана-Семей 352 км). Отдельное внимание уделено ускоренной реализации развития 184 раздельных пунктов. Благодаря поддержке Совета по привлечению инвестиций (19 мая 2025 года) принято решение о параллельном осуществлении проектирования и строительно-монтажных работ, включая восстановление, удлинение и расширение путевого хозяйства на основании предварительных расчетов и типовых проектных решений. В настоящее время хозяйствами филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» активно прорабатываются новые методы осмотра объектов магистральной железнодорожной сети. Проведены исследования по воз-

